«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____А.А.Кулбаев
« _____» _____ 2025 ж

Халықтық ұжым "Орыс әндері" хоры және "Ардагерлер" хорының "Біз біргеміз" атты мерекелік концерті

Халықтық ұжым "Орыс әндері" хоры және "Ардагерлер" хорының "Біз біргеміз" атты мерекелік концертінің
СЦЕНАРИІ

ПРОЛОГ

Видеоролик LED экранда(5 минут)

ФАНФАР. Жүргізушілер шығады

Жүргізуші 1: Қайырлы кеш құрметті қонақтар, қадірлі көрермендер! Бүгінгі тамаша мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші 2: Бізді бір арнаға тоғыстырған әсем әуен, сырлы саз, жүректен шыққан ән. Бүгінгі кештің атауы да бекер «Біз біргеміз» деп аталмаған. Өйткені өнердің күші – халықтарды жақындастырады, жүректерді тоғыстырады.

Жүргізуші 1: Иә, музыка – баршаға ортақ тіл. Ол ұлтқа, жасқа, шекараға бөлінбейді. Ал біздің сахнамызға бүгін достық пен татулықтың әндерін алып келген – Халықаралық ұжым «Орыс әндері» хоры мен «Ардагерлер» хоры.

Жүргізуші 2: Олай болса, өнерге толы мерекелік кешімізді ашық деп жариялаймыз!

Жүргізуші 1: Ең алдымен, сахнаға құрметті өнерпаздарымызды – жылдар бойы ән өнеріне адал қызмет етіп келе жатқан «Ардагерлер» хорын қарсы алайық!

Концерттік бағдарлама

“Ардагерлер” хоры

1. Дунайские волны
2. Белым снегом
3. В землянке
4. Песенка фронтового шофера
5. Шолпан
6. Кестеле орамал
7. Тополя
8. Казаки в Берлине
9. В путь

Жүргізуші 2: Қандай керемет! Ардагерлердің орындауындағы әрбір ән – тарихпен астасқан тағылым, өткен күннің сырлы естелігі іспетті.

Жүргізуші 1: Керемет! Ардагерлердің орындауындағы әрбір ән – жүрекке жақын, сырлы естелікке толы. Өйткені ол әндерде жастықтың жалыны, достықтың шынайылығы, өмірдің өз үні бар.

Жүргізуші 2: Келесі кезекті видеороликке береміз.

LED экранда Видеролик қосылып тұрады, фонда рояльда “Орыс әндері” хорының орындауында “Нежность” әні орындалады.

АРДАГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

Жүргізуші 1: Марапаттарыңыз құтты болсын!!!

Жүргізуші 1: Қадірлі көрермен! Бүгінгі кешіміз – тек қана өнер мерекесі емес, ол – халықтар достығының, ынтымақ пен бірліктің жарқын көрінісі .

Жүргізуші 2: Иә, әр ұлттың әні бөлек болғанымен, жүрекке жеткізер әсері ортақ. Өйткені ән – шекарадан аттап, жүректен жүрекке жететін ең асыл қазына.

Жүргізуші 1: Келесі құттықтау сөз кезегін береміз.

Қонақтарды құттықтау

Жүргізуші 1: Жылы тілек, лебіздеріңіз үшін көп рахмет! Құрметті қонақтар! Ән өнерінің әсем бір арнасы – халық әндері. Әр ұлттың өз сазы, өз мақамы бар. Солардың ішінде орыс халқының әндері – кең тынысты, жүректі тербететін ерекше өнер қазынасы.

Жүргізуші 2: Олай болса, сахна төрінде – халықаралық ұжым, кең тынысты әуенімен, шаттыққа толы сазымен жүректерді баурап жүрген «Орыс әндері» хоры! Қарсы алайық!

Концерттік бағдарлама

1. "Канон" және "Гроза" - орындайтын Абыл атындағы ДШИ хоры
2. "Пью за здравие Мэри" және "Моя прекрасная леди" - орындайтын "Камерный хор МКИ"
3. "Шадвал" ансамблі
4. Хор "МКИ" (1-2 номер)

Жүргізуші 1: Ән – халықтың жүрек үні. Ән салғанда жүрек те бірге әндетеді. Бүгінгі орындаулардан соны сезіндік.

Жүргізуші 2: Әрбір әуен – бейбітшіліктің, достықтың, ортақ шаттықтың айғағы ісп

Жүргізуші 1: Құрметті қонақтар! Көрермендерімізге шаттық сыйлаған «Ардагерлер» хоры мен «Орыс әндері» халықаралық ұжымына зор қошемет көрсетейік!

Жүргізуші 2: Кешіміздің атауы айтқандай – «Біз біргеміз!». Осы ұстаным жүрегімізден ешқашан өшпесін!

Екеуі бірге: Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!